

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Медицина факультеті
Оқу-әдістемелік комитетінің
№10 мәжілісінің хаттамасы

18.06.2025 ж.

ОӘК-ке қатысқандар: факультет деканы, м.ғ.к., қауымдастырылған профессор Нускабаева Г.О., 1-2 курс координаторы, аға оқытушы Аймаханов М.С., 3-4 курс координаторы оқытушы Назарова Л.К., 5 курс және магистратура, докторантура координаторы, магистр оқытушы Шойбек А., Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, аға оқытушы Минтасова А.С., Академиялық комитет төрағасы, аға оқытушы Ильясова Г.Т., медицина факультетінің кафедра меңгерушілері.

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Оқу-әдістемелік комитеттің жылдық есебін, 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жобасын талқылау, дайындық актісін әзірлеу. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

2. Факультет кафедралар ОПҚ біліктілік жетілдіруі туралы және жылдық әдістемелік жұмыстарының есебін тыңдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

3. Кафедралардағы бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша есебін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

4. Әртүрлі мәселелер.

1. Оқу-әдістемелік комитеттің жылдық есебін, 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жобасын талқылау, дайындық актісін әзірлеу. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.С.Минтасова сөз алып, 2024-2025 оқу жылының Медицина факультетінің оқу-әдістемелік жұмыстарының есебін мәлімдеп, ОӘК мүшелеріне талқылауға ұсынды. Яғни, ОПҚ дайындаған 2024-2025 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ өзара сабаққа қатысуы, ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдардың талаптарға сәйкестігі жөнінде, факультет оқытушылардың біліктілік көтеруі және өткізілген ақылдасу сабақтардың есебі туралы мәлімдеп, оқу жұмыстарын жетілдіру шараларын талқылауға ұсынды.

Медицина факультетінің
2025-2026 оқу жылына арналған Оқу-әдістемелік комитеттің
жылдық жоспары

№		Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Орындаушы
1	1	Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет құрамын және жоспарын әзірлеу және бекітуге ұсыну.	2025 жыл, Қыркүйек	Факультет деканы Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері
	2	2025 - 2026 оқытушы профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын бекітуге ұсыну		
	3	2025-2026 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауын, кестесін және іс-тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну.		

	4	Мамандықтардың 2025-2026 оқу жылында оқытылатын пәндердің тізімін талқылап, бекітуге ұсыну		
	5	Кафедралардың 2025-2026 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын талқылап, бекітуге ұсыну		
	6	2025-2026 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының кестесін, әдістемелік семинарлардың кестесін, ақылдасу сабақтарының сарапшылары тізімін бекітуге ұсыну		
	7	Оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну		
	8	2025-2026 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсыну		
	9	Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын бекітуге ұсыну		
	10	Кафедралардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайы		
	11	Әртүрлі мәселелер		
2	1	Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту	2025 жыл, қазан	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері
	2	Кәсіби бағдар бойынша жұмыс жоспарын талқылау		
	3	«ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.		
	4	Әртүрлі мәселелер		
3	1	Бітіруші студенттер мен магистранттар, докторанттар үшін қорытынды аттестаттау пәндерінің тізімін талқылап, емтихандардың сұрақтарын талдау, бағдарламаларын бекітуге ұсыну және бітіру жұмысы формасын (диплом жұмысы/дипломдық жоба) анықтау.	2025 жыл, қараша	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	Дипломдық, магистрлік, докторлық жұмыстардың (жоба) тақырыптарын, жетекшілерін, пікір берушілерін талқылау, бекітуге ұсыну		
	3	Студенттер арасында пәндік олимпиадалар ұйымдастыру.		
	4	Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалаудың факультетте жүзеге асырылу жағдайын талдау.		
	5	Кафедраларда оқытылатын пәндердің оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етілуі жағдайы		
	6	Әртүрлі мәселелер		
4	1	ПОҚ-дың индикативті жоспарларының орындалу барысы	2025 жыл, желтоқсан	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	Білім алушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау		
	3	Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы		
	4	ББ іске асыруда оқытудың инновациялық әдістерімен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау		

	5	2026-2026 оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мақсатында Жоғары оқу орнының ақпараттық картасы толтырылатын дайындық бағыттарының БББ тізімін анықтау		
	6	Әртүрлі мәселелер		
5	1	Кафедралардағы оқу-әдістемелік жұмыстарының жарты жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну	2026 жыл, қаңтар	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	ББ 2025-2026 о.ж. еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жоспарлау		
	3	Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық аттестаттау нәтижелеріне байланысты оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерін, оқыту нәтижелерін талдау		
	4	Әртүрлі мәселелер		
6	1	ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау	2026 жыл, ақпан	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	ББ білімгерлерінің, оқытушы- профессорларының, қызметкерлердің, бекітілген академиялық адалдық қағидаттарын бұзу фактілеріне және қабылданған шаралардың әділдігіне мониторинг нәтижелерін талдау.		
	3	Көктемгі сессия емтихан түрлерін, талқылау, бекітуге ұсыну		
	4	Әртүрлі мәселелер		
7	1	ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.	2026 жыл, наурыз	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау		
	3	Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну		
	4	Әртүрлі мәселелер		
8	1	2026-2027 оқу жылына білімгерлерді қабылдау жоспарын талқылау	2026 жыл, сәуір	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	ББ білімгерлердің контингентін қалыптастыру, талапкерлерге кәсіби бағдар беру іс-шаралары туралы		
	3	Білім алушылардың 2026-2027 оқу жылына пәнге тіркелуін ұйымдастыру.		
	4	ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т. б. практикаларының бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы туралы		
	5	Әртүрлі мәселелер		
9	1	Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау	2026 жыл, мамыр	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	2026-2027 оқу жылына студенттерге, магистранттарға, докторанттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту		
	3	2024-2029 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2025-2026 оқу жылы бойынша)		
	4	Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы		
	5	Әртүрлі мәселелер		

10	1	Оқу-әдістемелік комитеттің жылдық есебін, 2026-2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары жобасын талқылау, дайындық актісін әзірлеу.	2026 жыл, маусым	Комитет төрағасы Кафедра меңгерушілері Кафедра ОӘК жауаптылары
	2	Факультет кафедралар ОПҚ біліктілік жетілдіруі туралы және жылдық әдістемелік жұмыстарының есебін тыңдау		
	3	Кафедралардағы бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша есебін талдау		
	4	Өртүрлі мәселелер		

ШЕШІМ 1.: 2025-2026 оқу жылына арналған факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің жұмыс жоспары назарға алынсын, оқу-әдістемелік комитеттің жылдық есебі және дайындық актісі университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

2. Факультет кафедралар ОПҚ біліктілік жетілдіруі туралы және жылдық әдістемелік жұмыстарының есебін тыңдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Кафедра меңгерушілері сөз алып, оқытушылардың біліктілігін жетілдіру жоспарға сай орындалып жатқанын мәлімдеді.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.С.Минтасова сөз алып, 2024-2025 оқу жылы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының жылдық есебін мәлімдеп, ОӘК мүшелеріне талқылауға ұсынды. Яғни, ОПҚ дайындаған 2024-2025 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ өзара сабаққа қатысу, оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының сандық жоспарының орындалуы, ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдардың талаптарға сәйкестігі жөнінде, факультет оқытушыларының біліктілік көтеруі және өткізілген ақылдасу сабақтардың есебі туралы мәлімдеп, оқу жұмыстарын жетілдіру шараларын талқылауға ұсынды.

Медицина факультеті бойынша 2024-2025 оқу жылындағы өтілген ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар жоспарының орындалуы туралы

№	Кафедра	Жалпы ОПҚ саны	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Орындалды	Орындалмады	Барлығы
1	Арнайы клиникалық пәндер	27		1	1				1			3	-	3
2	Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер	11	1	1				1	1			4	-	4
3	Фундаментальды ғылымдар кафедрасы	21	2	3				1				6	-	6
4	Хирургиялық аурулар	29		1	1			1		1		4	-	4
5	Ішкі аурулар	27		1	1			1	1			4	-	4

Жалпы өтілген ақылдасу (ашық) сабақтары

№	Факультет	Жалпы саны	Соның ішінде қашықтықтан оқыту бойынша онлайн өтілгені
1	Медицина	21	-

Факультеттердегі өзара сабаққа қатысу мәліметтері

№	Факультет	Жоспар бойынша саны	Орындалғаны	Орындалу көрсеткіші
1	Медицина	58	55	94,8% (Саттиева С.К., Шамсиддинова К.З., Торғауытова Ж.Е. декреттік демалысқа кетулеріне байланысты орындалмай қалды)

2024-2025 оқу жылында оқу, оқу-әдістемелік басылымдарды дайындау жоспары

№	Факультет	Жоспар бойынша саны	Орындалғаны	Орындалу көрсеткіші
1	Медицина	20	10	50%

2024-2025 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша факультет ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлардың жоспарының орындалуы

№	Кафедра	Жалпы ОПК саны	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Орындалды	Орындалмады	Барлығы
1	Арнайы клиникалық пәндер	27			1			1		1			-	3
2	Қоғамдық денсаулық сақтау және ғылыми зерттеулер	11				1	1						-	2
3	Фундаментальды ғылымдар кафедрасы	21		1				1	2	1			-	5
4	Хирургиялық аурулар	29			1					1			-	2
5	Ішкі аурулар	27		1	1		1	1					-	4

ШЕШІМ 2.: Факультеттегі оқытушылардың біліктілігін жетілдіру жоспарының орындалу барысы және 2024-2025 оқу жылы бойынша кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарының жылдық есебі бекітуге ұсынылсын және оқу жұмыстарын жетілдіру шаралары назарға алынсын.

3. Кафедралардағы бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша есебін талдау. *Жауаптылар: оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова, кафедра меңгерушілері, кафедра ОӘК жауаптылары.*

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы А.Минтасова сөз алып, Кафедралардағы бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша есебін талдауды талқылауға ұсынды, кафедра меңгерушілері тыңдалды.

Арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD Садыкова К.Ж.: «Бітіруші студенттер ОҚКЕ-ды жалпы дәрігерлік тәжірибе пәнінен үш бекетте және жедел жәрдем пәнінен бір бекетте тапсырды. ОҚКЕ тапсыру барысында білімгерлер тарапынан ешқандай емтихан ережесі бұзу орын алған жоқ, 293 бітіруші студент кестеге сәйкес түгел тапсырып шықты».

Кешенді біліктілік емтихан пәнінен тест нәтижелері бойынша студенттердің біліміне талдау

№	Мамандықтың шифры мен атауы	Студент саны	Бағалары								Келмеген студент саны	Үлгерімі
			4,0-3,67/ (90-100)	%	2,33-2,67/ (70-89)	%	2,0-1,0/ (50-69)	%	0 (0-49)	%		
1	6B10155- Жалпы медицина	293	27	9	166	57	90	38	10	3	-	66

Кешенді біліктілік емтихан пәнінен ОҚКЕ нәтижелері бойынша студенттердің біліміне талдау

№	Мамандықтың шифры мен атауы	Студент саны	Бағалары								Келмеген студент саны	Үлгерімі
			4,0-3,67/ (90-100)	%	2,33-2,67/ (70-89)	%	2,0-1,0/ (50-69)	%	0 (0-49)	%		
1	6B10155- Жалпы медицина	293	206	70	86	29	1	1			-	99

Кешенді біліктілік емтихан пәнінен тест және ОҚКЕ (қорытынды) нәтижелері бойынша студенттердің біліміне талдау

№	Мамандықтың шифры мен атауы	Студент саны	Бағалары								Келмеген студент саны	Үлгерімі
			4,0-3,67/ (90-100)	%	2,33-2,67/ (70-89)	%	2,0-1,0/ (50-69)	%	0 (0-49)	%		
1	6B10155- Жалпы медицина	293	63	22	216	74	14	5			-	95

6B10155- «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы бойынша кешенді біліктілік емтиханды өте жақсы бағаға байланысты талдау:

Бітіруші 6B10155 - «Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы бакалаврлардың кешенді біліктілік емтихандарды тапсыру нәтижелері төмендегідей:

«А; А-/(90-100)» - өте жақсы деген баға тесттен 100 сұрақтан (әр жауапқа 1 баллдан) берілген жағдайда және ОҚКЕ қорытындысын қоса есептегенде, егер бакалавр әр пәннен 90-100 балл жинағанда қойылды.

«В+; В; В-;С+/(70-89)» - жақсы деген баға тесттен 100 сұрақтан (әр жауапқа 1 баллдан) берілген жағдайда және ОҚКЕ қорытындысын қоса есептегенде, егер бакалавр әр пәннен 70-89 балл жинағанда қойылды.

«С; С-; D+; D/(50-69)» - қанағаттанарлық деген баға тесттен 100 сұрақтан (әр жауапқа 1 баллдан) берілген жағдайда және ОҚКЕ қорытындысын қоса есептегенде, егер бакалавр әр пәннен 50-69 балл жинағанда қойылды.

«FХ; F/(0-49)» - қанағаттанарлықсыз деген баға деген баға тесттен 100 сұрақтан (әр жауапқа 1 баллдан) берілген жағдайда және ОҚКЕ қорытындысын қоса есептегенде, егер бакалавр әр пәннен 0-49 балл жинағанда қойылды.

Талдау: Жалпы бітірген бакалавр саны 293. Қорытынды бағалау есебі бойынша 63 бакалавр «А; А-/(90-100)-өте жақсы», 216 бакалавр «В+; В; В-; С+/(70-89)-жақсы», 14 бакалавр «С; С-; D+; D/(50-69) - қанағаттанарлық» деп бағаланды.

6B10155-«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасының студенттері: Адилбаева Карина Құралбайқызы, Амангелді Дінмұхаммед Жанғалиұлы, Кумисбаева Акнұр Нұрланқызы, Мұратова Балзада Болатбекқызы, Темір Аружан Аширалиқызы, Валиев Иман Александрович үздік дипломға үміткер болып ұсынылды.

Кешенді біліктілік емтихан тапсыру кезінде байқалған кемшіліктер мен сын-пікірлер:

1. Кешенді біліктілік емтиханның ұйымдастырылу процесі, соның ішінде комиссия мүшелері және техникалық бақылаушылар тарапынан емтихан өту барысындағы айқын прокторинг пен мониторинг жүргізілуін жақсы деп айтуға болады.

2. ЖМББС - талаптарына сәйкес 2 пәннен дайындалған 1500 тест қоры, 42 ОҚКЕ негізінде білім алушылар кешенді біліктілік емтихан тапсыру бойынша жақсы нәтиже көрсетті.

3. Емтихан тапсыру барысында білім алушылар басқа емтихан тапсырып отырған білім алушыларға кедергі жасамай, кезекші топтан сұрауы керек.

ШЕШІМ 3.: Кафедралардағы бітіруші білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша есебі назарға алынсын.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы



А.С. Минтасова